

Нысанның БКСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ырғыз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Иргизское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актыубинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
 № D.05.X.KZ42VWF00076614
 Дата: 27.09.2022 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

"Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" КММ

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдесгі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 20.09.2022 9:50:19 № KZ33RYS00290777

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күн, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) Коммунальное государственное учреждение "Общеобразовательная средняя школа имени Т.Жаманмұрынова" государственного учреждения "Отдел образования Иргизского района Управления образования Актыубинской области", Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылдық округі, Аманкөл ауылы, Т.Жаманмұрынов көшесі, №10

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (түсілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

білім беру

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

4. Жобалар, материал дарезірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) қажеті жоқ

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініш, зертханалық зерттеулер хаттамалары

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажеті жоқ

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) қажеті жоқ

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)



8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

«Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» ММ Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылдық округі, Аманкөл ауылы, Т.Жаманмұрынов көшесі, 1 мекен-жайында 1 қабатты жеке, типтік жобадан салынған ғимаратта орналасқан. Мектеп аумағы 1,8 м биіктікте болатын темір қоршаумен қоршалған, санитариялық талаптағы сай. Объект учаскесінің қорғалдандыру ауданы учаскенің жалпы ауданының 30 пайызын құрайды. Аумаққа ұлы жемістерді, сондай-ақ гүлдегенде мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталар отырғызылмаған. Объектінің учаскесіне кіру және көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға (бу қазандығы, аула ішілік дәретхана), қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар бар. Мектеп аумағы жинастырылған таза.

Қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға ғимараттан 25м қашықтықта, арнайы алаңда орналасқан, тығыз жабылатын қақпақтары бар қоқыс жинағыштар қарастырылған және асты арнайы бетонмен бетондалған, үш жағынан қоршалған, тексеру кезінде жиналған қоқыстар болған жоқ.

Объектінің аумағы және оның қоршауының сыртынан 5 м радиуста күн сайын жинау жұмыстары жүргізіліп тұрады, толық таза.

Мектептің ауласы абаттандырылып, мектеп ғимаратына келетін жол, қоқыс жинайтын алаңдарға кіріп-шығатын жолдар қатты жабынмен жабылған. Ғимаратқа кіреберісте торлар, қырғыштар орнатылған.

Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі төмендегідей үй жайлардан тұрады: Директор кабинеті, математика, информатика, тілдер кабинеті, АӘД кабинеті, бастауыш, химия, даярлық, педагогтер, шаруашылық меңгерушісі, кітапхана, жиналыс залы, шеберхана, география кабинеттері бар.

Кабинеттердің әрленуі - жарлары жаңа үлгідегі сылақпен сырланған. Мектеп коридорының едені кафельден төселген, кабинеттерде ленолиум төселген, арасы ашық жерлер жоқ, бүтіндігі сақталған. Мектепте спорт зал қарастырылған. Спорт залда ер балалар мен қыздарға арналған бөлек киім ауыстыратын 2 бөлмесі арнайы киім ауыстыратын шкафттармен жабдықталған және арнайы ер балаларға, қыз балаларға арналған екі орынды душ қарастырылған. Спорт залда мұғалім кабинеті, спорттық жабдықтарды сақтауға арналған бөлмесі бар. Спорт залы бөлейбол, баскетбол ойындарына, басқа да ойындарға арналған құрылғылармен жабдықталған. Спорт залының терезелері тормен қоршалған, батареялары терезе астындағы қуыста орнатылған. Мектепте балаларға арналған шеберханасы станоктармен жабдықталған. Шеберханада салқын су келтірілген және ауа сорғыш орнатылып қолжуғыштар орнатылған.

Барлық оқу кабинеттеріндегі жиһаздар оқушылардың жас-бой ерекшеліктеріне және денсаулық жағдайына сәйкес қамтамасыз етілген. Жиһаздың өлшемдері мен оның таңбалануы санитариялық талаптарға сәйкес жасалған.

Ауыз су жүйесі орталықтандырылған, ауыз суды жергілікті су құбырынан алады. Кәріздеу жүйесі бар, жеке орталықтандырылған, толуына байланысты тазартылады.

Мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылған. Ауыз суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылып тұрады. Су ішу үшін бір рет қолданылатын стақандар пайдаланылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін мектеп басшысының бұйрығымен жауапты адам шаруашылық меңгерушісі тағайындалған. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектілерде болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етілген. Мектепте ішкі дәретханасы бар, қыз және ер балаларға жеке-жеке даярланған. Ауласында да жерүсті бөлігімен қазылған дәретхана бар. Аула ішілік дәретхананың санитарлық қондырғыларының санитарлық-техникалық жағдайы қанағаттанарлық жағдайда, ер балаларға арналған 2 орынды және қыз балаларға арналған 2 орынды дәретхана көзделген.

Оқушылардың жеке бас гигиенасын сақтау мақсатында мектеп ғимаратында қол жуатын бөлмелер бар, қосымша қолжуғыштар орнатылған. Персоналдардың жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасалған, қол жуатын қолжуғыш қойылған сабын және бір рет қолданылатын сүлгі қарастырылған. Желдетілуі табиғи, терезелер арқылы. Жарықтануы аралас: жасанды және табиғи. Қыздыру шамдардары мен люминисценттік шамдар орнатылған. Тексеру барысында істен шыққан шамдарды сақтауға шаруашылық бөлмесінен арнайы полка қарастырылған.

Жылу жүйесі қатты отын арқалы жылтылад, мектеп аумағында жылыту бу қазандығы орналасқан.

Оқу кабинеттерінің терезелері метал - пластик терезелер. Терезелер көздерінің бүтіндігі сақталған, мектептің жарығы жеткілікті, люминисценттік шамдар алмастырылуды қажет ететіні жоқ. Бөлмелердің терезелерінде күн сәулесінен қорғайтын жалюздермен қамтамасыз етілген.

Жинау мүкәммалары жеке-жеке таңбаланбаған, әр үй-жайларға бекітіліп, арнайы бөлінген орындарда және ғимараттың әр қабатында тазалау мүкәммалық сақтауға және оңдеуге арналған үй-жайлар



қозделген.

Желдету үшін ашылатын терезелерге, форточкаларға москит торлары орнатылған.

Барлық үй-жайларды тазалап жинау барысында ҚР рұқсат етілген арнайы жуу құралдарын пайдаланады, синтетикалық жуу құралдары, белизна қоры жасақталған. Ай сайын және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша зарарсыздандыру жұмыстарына жүргізуге жуу және дезинфекциялау құралдарын (Деохол таблеткасымен, Септопол, т.б.) қолдана отырып күрделі жинау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу мақсатында 2022 жылғы оқу жылына «Дезинфекция» Ақтобе облыстық бірлестігі жеке медициналық мекемесімен 25.02.2022 жылғы №84 келісім шарт жасалған негізінде жүргізілген келісім шарттың қолданыс мерзімі 31.12.2022 жылға дейін. Тексеру кезінде тұрмыста тіршілік ететін жәндіктер іздері байқалған жоқ, 2022 - 2023 жылға іс шаралар жүргізілген актілері жұмыс орнында сақталған.

Барлық қызметкерлер саны - 60, оның ішінде: мұғалім -34, кіші қызметкерлер - 26. Флюорографиялық тексеруден өткен, жұмысқа рұқсаттары бар. Кезеңді медициналық тексеруден өткен, жеке медициналық кітапшалары жұмыс орнында сақтаулы.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жанартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, бағпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын аттигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) қажеті жоқ

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Жарықты өлшеудің хаттамасы №3 24.03.2022жс. Метеорологиялық факторларды өлшеудің хаттамасы №3 24.03.2022жс. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы №3 28.03.2022 жс. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы №9 26.03.2022 жс. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауз са үлгілерін зерттеу хаттамасы №37 16.05.2022 жс. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауз са үлгілерін зерттеу хаттамасы №2 26.03.2022 жс. Шү деңгейін өлшеу хаттамасы №1 24.03.2022жс. Электрмагниттік өрісті өлшеу хаттамасы №1 24.03.2022жс

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
I	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-		
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-		



Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

"Т.Жаманмурынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" КММ

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдесі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қиғидаларына

Санитариялық қиғидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ырғыз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Ырғыз ауданы, көшесі Темірбек Жүргенов, № 58 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Иргизское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актыубинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Иргизский район, улица Темирбека Жургенова, дом № 58

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Жолдыбай Тангат Сәбитұлы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



